

Ірі қараның гиподерматозы, балықтың лигулез және дифиллоботриозының алдын алу және жою бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 15 қыркүйектегі N 495 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 6 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3133. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 26 бабына с ә й к е с б ұ й ы р а м ы н :

1. Қоса беріліп отырған бекітілсін:

1) ірі қараның гиподерматозының алдын алу және жою туралы ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру туралы Ереже;

2) балықтың лигулезінің алдын алу және жою туралы ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру туралы Ереже;

3) балықтың дифиллоботриозының алдын алу және жою туралы ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру туралы Ереже.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық Астана және Алматы қалаларының аумақтық басқармалары Ветеринария департаментімен бірлесе отырып заңнамада бекітілген тәртіп бойынша осы бұйрықтан туындайтын керекті шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енеді.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ауыл шаруашылығы министрлігінің

2004 жылғы 15 қыркүйектегі N 495

"Ірі қараның гиподерматозы, балықтың

лигулез және дифиллоботриозының

алдын алу және жою бойынша

ветеринариялық іс-шараларды жүзеге

асыру жөніндегі ережелерін бекіту туралы" бұйрығымен бекітілді

Ірі қара гиподерматозының алдын алу және жою бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру туралы Ереже

Осы "Ірі қара гиподерматозының алдын алу және жою бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру туралы Ереже" (одан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" заңының 26 бабына сәйкес жеке және заңды тұлғаларға ветеринариялық шараларды міндетті түрде ұйымдастыруының және орындалуының тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ереже

1. Гиподерматоз (Hypodermatosis) - оқалақ балаңқұрттар тудыратын, жалпы организмнің улануы және жануарлар қондылығының төмендеп паразит орналасқан жерлердің қабынып өзгеруімен сипатталатын жануарлардың с о з ы л м а л ы а у р у ы .

Негізінен ірі қара мал (оның ішінде қодас, өркешті бұқалар, буйволдар) ауырады, жылқылар сирек ауырады.

Ірі қара малында *Hypoderma bovis* - жай тері асты бөгелегінің балаңқұрттары және *H. Lineatum* - оңтүстік тері асты бөгелегі (өңештік) паразитті өмір сүреді.

2. Жануарлар организмінде оқалақ балаңқұрттарының тоғышарлық етуімен шақырылатын ауру. Жыныстық толық жетілген жәндіктер араларға ұқсас. Денесі қалың сары, сарғыш немесе қара түкті.

3. Жануарларға жайылымдардан жұғады.

4. Ауруға диагноз - жота, белдеме, құймышақ тұстарында бұлтақтардың пайда болуына байланысты қойылады.

2. Ветеринариялық-санитариялық таза аймақтарда жүргізілетін алдын алу шаралары

5. Гиподерматоздың алдын алу және жою мақсатында ауру қоздырушысының биологиясын, эпизоотиялық ерекшеліктерін, жергілікті табиғи климат жағдайын және шаруашылықты жүргізу технологиясын ескере отырып шаруашылық ұйымдастыру, ветеринариялық-санитариялық және емдеу алдын алудың кешенді шараларын жүргізеді.

6. Шаруашылық ұйымдастыру шараларына кіретіндері: жануарларды жем шөппен қамтамасыз ету, азықтандыру, суару және ұстау орындары зоогигиеналық талаптарға сай болуы керек.

7. Ветеринариялық-санитариялық шараларға кіретіндері: қоралардан, жайылу алаңдарынан қиларды уақытылы тазалау, қораларды, жазғы загондарды, қоршауларды шаруашылық жүргізу технологиясын ескере отырып дезинфекциялау.

8. Жайылымдарға оқалақ балаңқұрттарымен зақымданған малдар, сондай-ақ шаруашылыққа жаңа түскен малдар инсектицидтермен алдын ала дәріленбей жіберілмейді.

9. Оқалақ ұшу кезеңінде малдарды қораларда, лапас астында ұстайды, таңертең оқалақ ұшқанға дейін, кешке олардың ұшу кезеңі аяқталған мерзімде жаяды.

3. Гиподерматоздан таза емес пункттер және эпизоотиялық ошақтарда жүргізілетін шаралар

10. Гиподерматозбен күресудің кешенді іс-шараларындағы негізгі әдісі болып , мал денесіндегі бөгелек балаңқұрттарының бірінші сатысын Қазақстан Республикасының мемлекеттік ветеринариялық Реестрінде тіркелген препараттарды қолдану арқылы жою болып табылады. Осы мақсатта жануарларды күзде бөгелектердің ұшуы тоқтаған кезде домдайды. Гиподерматоздан таза емес аймақтарда барлық жануарлар химиотерапиядан ө т е д і .

Ірі қара малдарын зерттеу және балаңқұрттардың 1-2 сатысына қарсы химиотерапия жүргізуді республиканың оңтүстік аймағында ақпан-наурыз айларында, орталық және солтүстік бөліктерде сәуір-мамыр айларында жүргізеді .

11. Осы Ережеде көрсетілген шаралардың жүргізілуін әкімшілік аймақтың бас мемлекеттік инспекторлары бақылайды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ауыл шаруашылығы министрлігінің

2004 жылғы 15 қыркүйектегі N 495

"Ірі қараның гиподерматозы, балықтың

лигулез және дифиллоботриозының

алдын алу және жою бойынша

ветеринариялық іс-шараларды жүзеге

асыру жөніндегі ережелерін бекіту

туралы" бұйрығымен бекітілді

Балық лигулезінің алдын алу және жою бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру туралы Ереже

Осы "Балық лигулезінің алдын алу және жою бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру туралы Ереже" (одан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Ветеринария туралы заңының 26 бабына сәйкес жеке және заңды тұлғаларға ветеринариялық шараларды міндетті түрде ұйымдастыруының және орындалуының тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ереже

1. Осы ережеде келесідей түсініктемелер қолданылады:

1) аралық ие бұл иеде паразит личинка сатысында жүріп метаморфоздан өтіп, жыныссыз жолмен көбейеді;

2) дефинитивті хозяин, оларда паразит жыныстық қатынасқа жетіліп, жыныстық жолмен көбейеді.

2. Лигулез (Ligulosis) - ауруға табиғи суларда табандар, плотвалар, густера және бақса тұқы балықтар бейім. Тоғандарда ауруға ақ амур, ала доңмандай бейім. Тоғандарда басқа балық түрлерінде ремнецтер (белдік құрттар) сирек кездеседі.

3. Лигулез және диграмоздың қоздырушысы Ligulidae туыстығына жататын плероцеркоид балықтардың денесінде паразитті (тоғышарлы) өмір сүреді.

Белдік құрттар - ірі цестодтар, ұзындығы 2-3 метрге жетеді. Паразит денесінің алдыңғы және арт жақтары жіңішкерек болып келеді, алдыңғы жағында 2 кішірек тесік тәріздес шұңқыр болады. Liqula туыстығына жататындарында бауырында ұзағынан бір сызық созылып жатады. Digramma туыстығында екеу.

Белдік құрттардың көбеюі аралық иелер біріншісі - циклоптар немесе диаптомустар, екіншісі - балықтардың қатысуымен болады. Ақырғы иесі балық жейтін құстар шағалалар, қара қарғалар, ақ сұр үйректер болып табылады.

Лигулездің энзоотия кезеңі табан, плотва, густера, мөңке, алабұға, қара балықтарда және ақпайтын, қызып тұратын, қалың шөпті су қоймаларында кездеседі. Балық денесіне орналасқан плероцеркоидтар өсіп ұзындығы 1 метр және одан да жоғарыға жетеді. Паразиттер ішкі органдарды қысып олардың қалыпты қызметін өзгертеді.

4. Диагноз клиникалық белгілер және паразитологиялық зерттеу арқылы балық денесінен белдік құрттарды табу арқылы қойылады.

2. Ветеринариялық-санитариялық таза аймақтарда жүргізілетін алдын алу шаралары

5. Лигулез бен диграммоздың алдын алу шаралары балық аулайтын шаруашылық субъектілер аумағынан балық жейтін құстарды үркітіп отыру болып табылады. Балық жейтін құстар көбею кезеңінде оларды ұя салып жиналмас үшін тоғандарда қатты және жартылай қатты шөптерді шауып отырады.

6. Кәсіпшілік балық өндірісінде сазандар, судақтар, негізінен плероцеркоидқа бейім емес балықтар өсіріледі.

3. Лигулезден таза емес эпизоотиялық ошақтарда және таза емес пункттерде жүргізілетін шаралар

7. Ауру балықтарды жиналған орталардан аулау. Лигулезбен ұсақ тұқы балықтар зақымданғанда судақ санын көбейтеді. Лигулезден таза емес орындарда жаңадан су қоймаларын жасаған кезде, осы ауруға аса бейім емес немесе мүлде бейім емес балық тұқымдарын лосостарды жібереді.

8. Лигулез табылған кезде сатуға ішкі құрылысы алынып жіберіледі. Ішкі органдары гельминттермен бірге утилге жіберіледі.

9. Осы Ережеде көрсетілген шаралардың жүргізілуін әкімшілік аймақтың бас мемлекеттік инспекторлары бақылайды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ауыл шаруашылығы министрлігінің

2004 жылғы 15 қыркүйектегі N 495

"Ірі қараның гиподерматозы, балықтың

лигулез және дифиллоботриозының

алдын алу және жою бойынша

ветеринариялық іс-шараларды жүзеге

асыру жөніндегі ережелерін бекіту

туралы" бұйрығымен бекітілді

Балықтың дифиллоботриозының алдын-алу және жою бойынша ветеринариялық шараларды жүзеге асыру ережесі

Осы Балықтың дифиллоботриоз ауруының алдын-алу және жою бойынша ветеринариялық шараларды жүзеге асыру ережесі (кейін - Ереже) Қазақстан

Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 26 бабына сәйкес жеке және заңды тұлғалармен орындалуға міндетті ветеринариялық шараларды ұйымдастыру мен жүргізудің тәртібін анықтайды.

1. Жалпы мәліметтер

1. Дифиллоботриоз - ас қорыту жүйесінің зақымдалуымен сипатталатын, жалпақ құрттармен шақырылатын ет қоректі жануарлар мен адамдардың ауруы.

2. Инвазияның таралуында балық өнеркәсіптерінің және балық шаруашылықтарының жанындағы тоғандарда зақымдалған иттердің болуы үлкен роль атқарады, сондай-ақ су көліктерінен тазартылмаған ағынды суды төгу және қазылған орлардан, дәретханалардан судың шығуы нәтижесінде адамдар мен малдардың нәжістерімен ластанған тоғандар аурудың таралуына қолдау болады. Негізінен тамаққа шикі, сәл қуырылған, балауса мұздатылған (жонылған), аз тұздалған және кептірілген балықтарды, сондай-ақ шикі немесе аз тұздалған шортанның уылдырығын жейтін тұлғалар көбінесе ауырады. Зақымдану жиі мерзімдік сипатта болады және көктемдік су тасымға бейімделген. Инкубациялық кезеңі 3-тен 6 аптаға дейін созылады.

Толық термикалық өңделмеген инвазияланған балықты (шортан, нәлім, таутан, алабұға, тағы да басқа) жеу арқылы адам зақымданады.

3. Тірі кезінде диагноз кешендік әдіспен эпизоотологиялық мәліметтерді, клиникалық белгілерді ескерумен, нәжісте құрттың буылтықтарын табумен және копроовоскопия арқылы қойылады. Ең дұрыс диагноз өлгеннен кейін паразиттерді табу әдісімен қойылады. Дифиллоботриялардың балаң құрттарымен зақымдануын толық гельминтологиялық сойып-зерттеу әдісімен анықтайды.

2. Ветеринариялық-санитариялық таза аймақтарда жүргізілетін алдын-алу шаралары

4. Жануарлардың дифиллоботриозбен зақымдануының алдын алу мақсатында қ а ж е т :

- 1) тоғандарды нәжіспен ластанудан қорғау;
- 2) қызмет көрсететін адамдарға гельминтологиялық тексеру жүргізу;
- 3) санитариялық қызметпен бірігіп табиғи тоғандар мен су қоймаларындағы балықтарды тексеруді ұйымдастыру және жүргізу;
- 4) күзет иттеріне мерзімді дегельминтизация жүргізу.

5. Шикі балықтарды және оның қалдықтарын тоғандарға, қоқсық тастайтын арнайы орындарға тастауға, ет қоректі және барлық қоректі жануарларға азыққа беруге тиым салынады.

6. Дифиллоботриялардың балаң құрттарымен зақымдалуына келесі балықтар тексеріледі: шортан, нәлім, таутан, пеляд, ақсаха, хариус, көкшұбар, талма, алабұға, бахта, ақ балық, кета, кумжа, таймен, албырт тұқымдасының кейбір түрлері және су шаяндары-циклоптар мен диаптомустарды жейтін балықтың басқа да түрлері.

3. Дифиллоботриоздан таза емес ошақтарда жүргізілетін шаралар

7. Тоғандарда дифиллоботриялардың балаң құрттарымен зақымдалған балықтар табылған жағдайда барлық балық зақымдалу дәрежесіне қарамастан шартты жарамды деп саналып, сәйкес өңделуден кейін ғана тамаққа қолдануға жіберіледі.

8. Дифиллоботриоздан таза емес шаруашылық субъектілерінде балықтар мен балық өнімдерін алдын-ала ветеринариялық-санитариялық сараптаусыз және залалсыздандырылмаған күйінде терісі бағалы аңдар мен иттерге азыққа беруге болмайды.

9. Аурудан таза емес тоғандардан ауланатын, құрттардың плероцеркоидтарымен зақымдалуына бейім балықтардың барлық түрі міндетті түрде ихтиопатологиялық зертханалық-диагностикалық зерттелу қажет.

10. Балықтарды өндеген кезде алынатын қалдықтар қайта өңделуге азықтық балық ұнын жасау үшін жіберіледі, ал майлы-ұнды қондырғылар болмаған жағдайда қазанда 30 минут қайнатылады.

11. Балық аулаған жерлерде шартты жарамды балықтарды өндеуге мүмкіндік болмаған жағдайда оны аудан, облыс шегінде ең жақын өңдеу орнына дейін тасымалдауға болады.

12. Шартты жарамды балықты оның түріне байланысты тұздау, мұздату, қайнату, қақтау, арнайы кулинариялық өңдеу немесе консервілеу арқылы сәйкес өңделгеннен кейін тамаққа пайдалануға болады.

13. Жалпақ құрттың плероцеркоидтарымен қатты зақымдалған балық техникалық утильдеуге жіберілді.

14. Аурудан таза емес тоғандары бар аумақтарда санитариялық-насихаттық жұмыстар жүргізу қажет.

15. Осы Ережемен қарастырылған шаралардың жүргізілуіне бақылауды сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық инспекторы жүзеге асырады.

